



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011600	«География»	1. Педагогика 2. Географияны оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Жаратылыстану

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Географияны оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Жаратылыстану

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген ғалымдар:

- A) И.С. Якиманская
- B) И.Я. Лернер
- C) Л.В. Занков
- D) В.В. Давыдов
- E) Р.Г. Лемберг

2. Жас ерекшеліктер:

- A) Әр балаға тән белгілі мінез-құлық
- B) Белгілі бір жас кезеңіне тән даралық ерекшеліктер
- C) Белгілі бір жас кезеңіне тән табиғи ерекшеліктер
- D) Белгілі бір жас кезеңіне тән физиологиялық сапалар
- E) Интеллектуалдық
- F) Әр балаға тән белгілі сипат

3. Педагогикалық зерттеулердің дәстүрлі әдістері:

- A) Әңгіме
- B) Математикалық өңдеу
- C) Статистикалық өңдеу
- D) Кибернетикалық өңдеу
- E) Әдебиетті зерделеу
- F) Сауалнама
- G) Арнаулы

4. Оқу-тәрбие процесінің ұстанымдары:

- A) Педагогикалық процестегі іс-әрекеттерді оқушылардың қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру
- B) Тек педагог іс-әрекетінің нәтижелілігін қарастыруы
- C) Педагогикалық процестің қоғам талабына сәйкестілігі
- D) Педагогикалық процесс табиғи процесс болып табылады
- E) Педагогикалық процестегі іс-әрекеттерді сынып жетекшісінің қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру
- F) Іс-әрекеттің оқушының тек дүниетанымын қалыптастыруға бағыттылығы
- G) Іс-әрекеттің сана мен мінез-құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы
- H) Педагогикалық процестің ізеттілігі, нысандық бағыттылығына ғана сүйенуі

5. Жоғары мектеп аты:

- A) негізгі орта
- B) жоғары
- C) орта кәсіптік
- D) бастауыш
- E) университет
- F) академия
- G) жалпы орта

6. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) практикалық іскерліктер
- B) тұрмыстық көзқарастар
- C) сенімдер
- D) көзқарастар
- E) діни білімдер
- F) ғылыми-білімдер жүйесі

7. Тәрбие бағыттары:

- A) әдеби-шығармашылық
- B) азаматтық-патриоттық, экономикалық
- C) шыдамды-төзімділік, имандылық
- D) көпшілік-интернационалдық, азаматтық
- E) әділдік-сыпайылық, шыншылдық
- F) рухани-адамгершілік
- G) дене, еңбек

8. Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттар:

- A) Оқулықтар, оқу құралдары
- B) Тұжырымдамалар
- C) Оқу жоспарлары
- D) Әдістемелік нұсқаулар
- E) Оқу-әдістемелік кешендер
- F) Әдеби шығармалар

9. Педагогиканың теориялық қызметтері:

- A) Болжау
- B) Сұхбат
- C) Қалыптастыру
- D) Тәрбиелеу
- E) Түсіндіру

10. Тұлға дамуының макрофакторларының бірі:

- A) тұратын аймағы
- B) қоғам
- C) мәдениет
- D) мемлекет
- E) этнос

11. Әңгімелесудің түрі:

- A) әңгімелесу-экспромт
- B) жеке дара этикалық әңгіме-сұхбаттар
- C) жазалаушы
- D) ынталандырушы
- E) мадақтаушы
- F) шығармашылық
- G) эпизодтық (ауық-ауық әңгіме-сұхбаттар)

12. Ұжымның тәрбиелеуші ұйым ретіндегі маңызды белгісі:

- A) жеке іс-әрекет
- B) әртүрлі мақсат
- C) ұжымда белсенді топтың болуы
- D) ұжымның мақсатының қоғамдық мәнде болуы
- E) ұжым мүшелерінің бірлігі, әрқайсының өзіндік пікірінің болуы

13. Сынып жетекшісінің оқушыларды зерттеу әдістері:

- A) Жұптық іс-әрекет
- B) Тәжірибені қарастыру
- C) Индукция және дедукция
- D) Жеке дара және топтық әңгімелесу
- E) Бақылау
- F) Байқау
- G) Контент талдау

14. Отбасының жалпы сипаттамаларының көрсеткіші:

- A) балаларының дарынды, талантты, мәдениетті, талапшыл болуы
- B) ата-ананың тәрбиенің мақсатын, міндеттерін ұстанбауы
- C) ата-ананың баланың өмір әрекетіннің мазмұнына көңіл бөлуі
- D) отбасы құрылымы
- E) баланың отбасы өміріне белсенді араласуы

15. Дидактика ғылым ретінде қарастырады:

- A) Не үшін оқытамыз
- B) Қашан оқытамыз
- C) Балаларды кім оқытады
- D) Баланы кім үшін оқытамыз
- E) Отбасында оқытамыз
- F) Қай жерде оқытамыз

16. Оқытуды ұйымдастыру формалары:

- A) Дәріс
- B) Жаттығу
- C) Түсіндіру
- D) Сабак
- E) Семинар

17. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің белгілері:

- A) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- B) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушының өзіндік білімін көрсете алуы
- C) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- D) Жалпы нәтижелердің болуы
- E) Жалпы іс-әрекет негізінің болмауы
- F) Жалпы іс-әрекеттің негізінің болуы
- G) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- H) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау

18. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- B) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- C) Төзімділіктерін дамытады
- D) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- E) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- F) Отаншылдық қасиетін арттырады
- G) Тәрбиені меңгертеді

19. Оқушылардың білімін тексеру түрлері:

- A) Күнделікті бақылау
- B) Тест
- C) Бақылау жұмысы
- D) Бағалау
- E) Сұхбаттасу

20. Ю.К. Бабанский ұсынған оқыту әдістерінің топтары:

- A) Оқытудың өзіндік бақылау және бақылау
- B) Оқыту үдерісінде оқушылардың оқу іс-әрекетін стимулдау
- C) Оқу үдерісінде сұхбаттасу әдісін пайдалану
- D) Оқу үдерісінде көрнекіліктерді пайдалану
- E) Іс-әрекетті ұйымдастыру

21. Ақпараттық технология:

- A) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- B) Ақпаратты өңдеу процесінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- C) Ақпаратты өңдеумен байланысты процестер
- D) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- E) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- F) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- G) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі

22. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:

- A) Мазмұнында келтірілген материалдар көлемді болуы керек
- B) Оқу бағдарламасына сәйкес болуы; оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы
- C) Күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
- D) Көрнекіліктермен жақсы жабдықталуы; тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы
- E) Тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек немесе күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
- F) Оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы; оқу бағдарламасынан тыс жазылуы
- G) Тексеру, өзін-өзі тексеру және оқу нәтижелерін түзетуге арналған сұрақтар мен жаттығулардың болуы

23. Жылдық оқу-тәрбие жұмысы жоспарының құрылымы:

- A) Жоспарды құруға талаптар
- B) Жоспардың негізгі бөлімдерін сипаттау
- C) Әдебиеттерді талдау
- D) Қойылатын міндеттер
- E) Зерттеу жұмысының нәтижелерін көрсету
- F) Тоқсандық жұмыстарды талдау

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Құқықтық қарым-қатынас
- B) Креативті ойлау
- C) Сын тұрғысынан қарау
- D) Экологиялық қарым-қатынас
- E) Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас
- F) Экономикалық қарым-қатынас

25. Мұғалімдерді аттестациялаудың мақсаты:

- A) Нарықтық экономикалық қатынастар орнату
- B) Ақыл ойын дамыту
- C) Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
- D) Оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру
- E) Тұлғаның әлеуметтік деңгейін жоғарлату
- F) Педагог қызметкерлерінің әлеуметтік сауаттылығын қамтамсыз ету

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Географияны оқыту әдістемесі

1. Географиялық білім берудің дидактикалық ұстанымдары:

- A) Шығармашылық
- B) Үздіксіздік
- C) Тәрбиелік
- D) Меңгерген білімнің беріктігі
- E) Көрнекіліктік
- F) Қайталау және жаттау

2. Шығыс Қазақстан экономикалық ауданының басты байлығы:

- A) Полиметалл
- B) Қара металдар
- C) Суармалы егіншілік
- D) Көмір
- E) Мұнай

3. География тілінің бөліктері:

- A) Түсініктер мен ұғымдар
- B) Геологиялық заңдылықтар
- C) Бөлшектер
- D) Географиялық атаулар
- E) Геоморфологиялық заңдар
- F) Деректер, сандар
- G) Өлшемдер

4. Мектеп географиясының экологиялық мазмұнындағы сұрақтар:

- A) Биосфераға сипаттама
- B) Гидросфераға сипаттама
- C) Адам іс-әрекеті және қоршаған орта
- D) Атмосфераға сипаттама
- E) Литосфераға сипаттама
- F) Табиғи қорлар мәселелері
- G) Адамзаттық даму индексін талдау

5. Қазақстанның ірі физикалық географиялық аймақтары:

- A) Алтай тауы
- B) Каспий маңы ойпаты
- C) Сарыарқа
- D) Бетпақдала
- E) Тұран жазығы

6. Қазақстанның физикалық географиясы оқулығындағы Жер бедері тақырыбына берілген қайталау сұрақтары:

- A) Қазақстанның морфоқұрылымдары
- B) Қазақстан аумағындағы жазықтар
- C) Қазақстанның морфомүсіндері
- D) Маңғыстау тауларының тектоникалық құрылымы
- E) Алтай тауының бөліктері
- F) Кембриге дейінгі көтерілген таулар
- G) Тянь-шань таулы өлкесінің тау жүйелері

7. ТМД құрамына кірмейтін мемлекеттер:

- A) Литва
- B) Тәжікстан
- C) Латвия
- D) Молдова
- E) Азербайжан

8. Дамыған «үлкен жетілік» елдері:

- A) Жапония
- B) Бразилия
- C) Австрия
- D) Норвегия
- E) Қытай

9. Блок-диаграммалармен көрсете алатын табиғи нысаналар:

- A) Геологиялық қима
- B) Теңіз айдыны
- C) Гидрологиялық блок
- D) Биогеоценоз
- E) Жер бедері қималары
- F) Ландшафт типтері
- G) Топырақ қимасы

10. Географиялық кабинеттегі топтамалар (коллекция) түрлері:

- A) Топырақ түрлері топтамасы және оның құрамы
- B) Өндірістік шикізат түрлері топтамасы
- C) Атлас карталар
- D) Жануарлар тұлыптары
- E) Оқу-әдістемелік кешендер жинақтары

11. География оқулығының мәтіннен тыс құрамдас бөліктері:

- A) Сұрақтар мен тапсырмалар бөлімі
- B) Іскерлік аппараты
- C) Педагогикалық аппараты
- D) Біліммен біліктілікті игерудің ұйымдастыру аппараты
- E) Бағдарлаушы аппараттар
- F) Көрнекіліктер аппараты

12. 9-сынып. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы оқулығындағы термин сөздер:

- A) Антициклон
- B) Альбеде
- C) Аллювий
- D) Акватория
- E) Агломерат

13. План және карта тарауын оқытуда пайдаланылатын құрал-жабдық:

- A) Дүние жүзінің физикалық картасы
- B) Барометр
- C) Топографиялық карта
- D) Планшет
- E) Қарапайым деңгейлегіш (нивелир)

14. Материктер мен мұхиттар географиясы оқулығындағы, мұхит суларына байланысы бар географиялық терминдер:

- A) Поопо
- B) Эри
- C) Шұңғыма
- D) Флюгер
- E) Психрометр
- F) Бриз

15. Қысқа мерзімді сыныптан тыс жұмыстар:

- A) Географиялық кештер
- B) Геологиялық факультативтер
- C) Өлкетану үйірмелері
- D) Саяхатшылар клубы
- E) Географиялық конференция
- F) Географиялық клубтар
- G) Географиялық үйірмелер

16. Мектептегі ауқымды географиялық шаралар:

- A) Географиялық домино
- B) Мектептегі географиялық конференция
- C) Компьютерлік ойын
- D) Әңгіме
- E) Дөңгелек үстел
- F) Рөлдік ойын

17. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған "Физикалық география" оқулығының "Географиялық қабық" тарауының тақырыптары:

- A) Табиғат кешендері
- B) Таулардағы биіктік белдеулік. Табиғат кешендерін қорғау
- C) Тірі ағзалардың жер қабықтарына әсері
- D) Тірі ағзалардың алуан түрлілігі
- E) Табиғат кешендерін қорғау
- F) Географиялық белдеулер

18. 6-сыныптың «Физикалық география» оқулығындағы «Литосфера және Жер қыртысы» бөлімінің тараулары:

- A) Мұхит түбіндегі таулар мен жазықтар
- B) Атмосфералық жауын-шашын
- C) Қоңыржай, субполярлық және полярлы белдеулер
- D) Жанартаулар, ыстық бұлақтар, гейзерлер
- E) Су бетін бейнелеу түрлері
- F) Жердің климаттық белдеулері
- G) Жазықтар

19. Материктер мен мұхиттар географиясы оқулығында оқушылар танысады:

- A) Дүние жүзінің халқы және саяси картасымен
- B) Жер табиғатының басты ерекшеліктерімен
- C) План және картаны, жер геосфераларын
- D) Табиғат кешендерінің алуантүрлілігі және олардың таралуымен
- E) Жердің табиғаты мен халқын
- F) Халықтың саны мен нәсілдік құрамын

20. Картографиялық сұрыптау бірнеше бағытта іске асырылады:

- A) Белгіленген жерді болжау
- B) Атлас карталарды топтастыру
- C) Сандық көрсеткіштерді топтау
- D) Тұрақты карталарды жөндеу
- E) Сапалық көрсеткіштерді топтау
- F) Кескін сызықтарды топтастыру

21. Деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді болуы үшін ескерілу қажет:

- A) Оқушы іс-әрекетінің бағдарламасы
- B) Пән бойынша білімді игеру деңгейі
- C) Оқу үрдісіндегі оқушы белсенділігі
- D) Жеке оқыту
- E) Жеке тұлға ерекшеліктері
- F) Ақпараттардың жетістігі
- G) Психологиялық даму ерекшеліктері
- H) Оқушының технологиялық картасы

22. Қазіргі кездегі белсенді оқытудың имитациялық емес түрлері:

- A) Семинар
- B) Нақты жағдайды талдау
- C) Тәжірибелік жұмыс
- D) Имитациялық жаттығулар
- E) Іскерлік ойындар
- F) Зертханалық жұмыс

23. Қазіргі географияны оқыту технологияларының топтары:

- A) Ақпаратты-коммуникативті оқыту
- B) Жеке тұлғаға бағдарлап оқыту
- C) Практикалық білім беру
- D) Экономикалық білім беру
- E) Түсіндірмелі-көрнекілік оқыту

24. Топографиялық диктант орындағанда оқушы дәптерге түсіреді:

- A) Масштабын көрсетеді
- B) Гидрологиялық атаулар
- C) Планды түсіреді
- D) Номенклатура
- E) Өзендер мен көлдер
- F) Ормандар
- G) Гидрологиялық нысандар

25. Қазақстанның мемлекеттік құрылымы:

- A) Дамушы
- B) Демократиялы
- C) Зайырлы
- D) Дамыған
- E) Діни
- F) Монархиялы

**Географияны оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбие жұмысының нәтижелерін және тиімділігін диагностикалау түрлері:

- A) педагогикалық кеңесте талқылау
- B) баланың білім деңгейінің көрсеткіші
- C) мектепте іске асырылатын тәрбие міндеттері
- D) жеке тұлғаға бағытталған іс-әрекет
- E) оқушының тәрбиелік картасы
- F) жаңа тәрбие жүйесін жасау кешені
- G) оқушыларға арналған тест тапсырмалары

2. Қиын балаларда байқалатын ерекшеліктер:

- A) Спортта жетістіктерге тез жетеді
- B) Ұрлық жасайды
- C) Жоғары адамгершілік ұстанымы қалыптасқан
- D) Музыка, бейнелеу өнері, сәулет өнері саласындағы жоғары жетістіктерімен көрінеді
- E) Ұжымды басқаратын, тез шешім қабылдайтын оқушылар
- F) Отбасында тәртіпте, қадағалауда өскен балалар

3. Дене тәрбиесінің міндеттері:

- A) Спорт саласында оқушылармен бірлікте табыстарға жету
- B) Дене шынықтыру және спорт саласында арнаулы білімдер беру
- C) Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру
- D) Баланың жеке басы сұлулығын қалыптастыру, талғамын тәрбиелеу
- E) Мәдениеттанушылық

4. Тәрбие әдістері:

- A) мектептегі әдістемелік кеңес
- B) педагогикалық талап
- C) жарыс
- D) өзін-өзі басқару орталығы
- E) пән мұғалімдер бірлестігі

5. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) Баланы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу
- B) Педагогикалық білімдер университеті(ашық)
- C) Ата –аналар комитеті (алқасы)
- D) Қамқоршылар кеңесі
- E) Құрылтайшылар кеңесі
- F) Ұжымның маңызды шешім қабылдауына мүмкіндік жасау

6. Сынып жетекшісінің функциялары:

- A) Ұжымды топтастыру
- B) Практикаға енгізу
- C) Балаларды әлеуметтік қорғау
- D) Инновациялықты жасау
- E) Отбасы өміріне ретсіз араласу
- F) Мереке ұйымдастыру

7. Ұжымдық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің қызметтері:

- A) Мадақтау мен жазалау
- B) Коммуникативтік
- C) Тәртіптілік
- D) Марапаттау
- E) Жаттықтыру

8. Қиын балалардың ерекшелік белгілері:

- A) ашушаңдық
- B) кітап оқуға құмарлық
- C) философиялық мәселелерге көп ойлануы
- D) аномальді қажеттілік (маскүнемдік, нашақорлық)
- E) ұжым арасындағы ынтымақтастық
- F) танымдық, өнертапқыштық жұмыстарға құштарлық

9. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) тәрбие жұмысы түрлерінің оқушылардың жас және тәрбиелік деңгейіне сәйкестігі
- B) күнделікті өз мерзімінде жасалуы
- C) көлемі екі баспа табақтан аспауы
- D) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі
- E) тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- F) жоспардың тәрбие түрлерін толық қамтуы

10. Тәрбиеленушінің бойында белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен оның сана-сезіміне, мінез-құлқына ықпал ететін категориялар:

- A) географиялық заңдылықтар
- B) биологиялық заңдылықтар
- C) тәрбие әдісі
- D) тәрбие құралы
- E) тәрбие нәтижесі
- F) тәрбие формасы

11. Қиын балаларды болдырмау, теріс, жағымсыз әдеттерді жою және алдын алу жұмыстары:

- A) қиын балаларды оқудан шығару, жазалау
- B) қиын баламен жұмысты қорытындылау
- C) құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңестер
- D) бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі
- E) нарколог, ішкі істер органдарының қызметкерлерімен кездесулер
- F) тәрбие жоспары
- G) тәрбие объектісі, аспектілері

12. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) жиналысты балалармен мереке түрінде өткізу
- B) ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу
- C) балалардың жетістіктерін мадақтау
- D) әріптестер мен басшыларды тұрақты қатыстыру
- E) ата-аналармен жеке әңгімелесу
- F) оқушыларды әрдайым тұрақты қатыстыру

13. Қиын балаларда жиі кездесетін ерекшеліктер:

- A) көтеріңкі көңіл-күй, ашық мінезді
- B) жаман мінез, жасырын әдеттері болуы
- C) білімге құмар, ұжымда белсенді
- D) арнайы спорттық, шығармашылық бейімділіктері жоғары
- E) өнер, музыкада ерекше шығармашылық қабілеттері көзге түсуі

14. Еңбек нәтижесін құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу мақсатында айтылған ырымдар мен тыйым сөздер:

- A) қайта ашатын есігінді қатты жаппа
- B) жеміс ағашын сындырма
- C) ағын суды ластама
- D) нанның үгіндісін аяққа баспа
- E) үлкеннің алдын кесіп өтпе
- F) екі тізеңді құшақтама
- G) басыңды шайқама

15. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

- A) оқуды үйлестіру
- B) оқу бағдарламаларын жасап, талқылау, бекіту
- C) сынып оқушылары мен ұжымын диагностикалау
- D) білім беруді жоспарлау
- E) сыныптың оқыту үрдісін ұйымдастыру
- F) өзінің біліктілігін көтеру және әріптестеріне көмек беру

16. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Пікірталас
- B) Шаралар ұйымдастыру
- C) Мектептегі әдістемелік кеңес
- D) Жазалау
- E) Өзін-өзі басқару орталығы
- F) Мадақтау
- G) Ата-анамен жұмыс

17. Сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің өзара байланысының негізіне мыналар жатады:

- A) сыныптың және әрбір оқушының нәтижелі жұмыс істеуіне мүдделі болу
- B) тәрбие сағатының мазмұнын құруда оқушыларға жаңа мағлұмат беру
- C) тәрбие сағатын өткізу тәжірибесін біртіндеп дәстүрге айналдыру
- D) атқарылған шаралардың нәтижесін бірлесе талдау
- E) коммуникативтілік біліктілігі мен дағдысын тәрбиелеу
- F) күрделі мәселелерді шешуде өзара көмек, өзара қолдау көрсету

18. Қиын балаларды түзету жұмыстары:

- A) саяхат
- B) қателік, сәтсіздік болғанда, жөндеу үшін сенім ұялату
- C) жеке ұмтылыстары болған жағдайда мадақтау
- D) конференция
- E) «Сенде бәрі жақсы болатынына сенемін» деген сөздерді жиі айту
- F) сабақ
- G) қиын балаларды дер кезінде анықтап, құзырлы орындарға хабарлау

19. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) оқушыларды әрдайым бірге қатыстыру
- B) балаларды мадақтау
- C) әріптестер мен басшыларды шақырту
- D) жыл қорытындысын талқылау
- E) ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) тәрбиелік шара
- B) үлгі-өнеге
- C) мадақтау, марапаттау
- D) этикалық әңгіме
- E) шығармашылық орталықтар
- F) пікірталас
- G) сендіру

21. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) тұқымқуалаушылыққа
- B) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- C) педагогтің шеберлігіне
- D) оқыту мерзіміне
- E) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- F) қаржы көздеріне
- G) оқушының еңбекқорлығына

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Тәрбие бағыттарына
- B) Мазмұнына
- C) Қарым-қатынас стиліне
- D) Жазалауына
- E) Кешенді тәрбие жұмысы
- F) Оқу-тәрбие жұмыстарының бағыттарына
- G) Ынталандыруына

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау
- B) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- C) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- D) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі
- E) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- F) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- G) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- H) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі

24. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Жазалау
- B) Пікірталас
- C) Демонстрациялау
- D) Жарыс
- E) Марапаттау

25. Іс-әрекет ұйымдастыру және қоғамдық тәрбиеге үйрету әдістері:

- A) мектептегі әдістемелік кеңес
- B) қоғамдық пікір
- C) педагогикалық талап
- D) өзін-өзі басқару орталығы
- E) үйрету

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жаратылыстану

1. 19 ғасырдың ортасында креационисттік жорамалға балама концепция:

- A) Жердегі ғарыштық тіршіліктің пайда болуы
- B) Панспермия
- C) Тіршілік дамуы
- D) Биохимиялық эволюция
- E) Стационарлық жағдай жорамалы
- F) Креационисттік
- G) Тіршілік ғарыштан пайда болды

2. Кеңістік пен уақыт сипатталады:

- A) Психологиялық
- B) Химиялық
- C) Биологиялық
- D) Теріс
- E) Мәдениеттілік
- F) Динамикалық

3. Континуум:

- A) Физикалық шамалардың біртұтастығы
- B) Біртектілік
- C) Физикалық шамалардың байланысқан тұтастығы
- D) Өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің ауысуы
- E) Қайтымсыздық
- F) Қайтымдылық

4. Сыртқы тұрақсыз қатынастардың болмыстағы көрінісі, тәуелсіз үдерістердің немесе оқиғалардың қиылысу (түйісу) нәтижесінің көрінісі:

- A) кездейсоқтық
- B) негізділік
- C) нақтылық
- D) өзектілік
- E) дәйектілік

5. Тыныштықтың массасы нөлдік болатын электромагнит өрісі:

- A) кванттар
- B) мезондар
- C) лептондар
- D) фотондар
- E) бөлшек

6. Гравитон:

- A) Гравитациялық алаң кванты
- B) Күшті әрекеттерге қатысады
- C) М.Планком енгізді
- D) Дискретті қуатты білдіреді
- E) Бөлшектің бөлінбейтін құрам бөлігі

7. Күн жүйесінің:

- A) күннің тартылыс күші басым
- B) толқындық шегі бар
- C) кеңістік аймағы бар
- D) гравитациялық үдерістерге әсер етеді
- E) құрама бөліктерден құралады
- F) космостық ұстанымы бар
- G) материя әлемде біркелкі орналасқан

8. Экологиялық дағдарыстың себептері:

- A) технократикалық ойлау сферетипі қалыптасуы
- B) ресурстарды ұтымсыз пайдалану
- C) табиғатты ұтымсыз пайдалану
- D) адамның өзгеруіне ұшырамаған ландшафттар
- E) табиғи ландшафттар деградациясы

9. Тұқым қуалаушылық және тұрақты өзгеріс жүзеге асатын үдеріс:

- A) Туа пайда болған белгілердің тұқым қуалауы
- B) Репродукция
- C) Сальтоционизм
- D) Креационизм
- E) Тұқым қуалау
- F) Ортобиоз
- G) Телеогенез

10. Қарапайым бөлшектер қасиеттері:

- A) интеграция
- B) бірлестіру
- C) қарапайым бөлшектердің ыдырауы
- D) айырмаушылық
- E) айналдырушылық

11. Әлемнің астрономиялық бақылауға алынған бөлігі:

- A) космологиялық горизонт
- B) Андромеда тұмандылығы
- C) Күн жүйесі
- D) Галактика
- E) Жер
- F) Күс жолы
- G) ірі жүйе

12. Табиғатта үдерістер даму концепциясының негізгі қағидалары:

- A) Жүйелік
- B) Динамизм
- C) Құрылымдық
- D) Циклдік
- E) Реттілік

13. Юпитерге тән:

- A) ені 6 мың км дейін сақиналармен қоршалған
- B) құрамында оттегі бар
- C) 16 спутник
- D) тек қана жасанды спутниктері бар
- E) кең магнитосфера
- F) радиациялық баланс
- G) құрамында көмірқышқыл газ бар

14. Биологиялық дамуға тән:

- A) Регрессивтілік (шегініс)
- B) Табиғаттағы үздіксіздік
- C) Ұзақ үдеріс
- D) Тірі ағзалардың кезекті мутациялары
- E) Қайтымдылық
- F) Қозғалыстың қайтымсыздығы
- G) Кездейсоқ сипат

15. Неолит революциясының қорытындысы (б.э.д. 8-10 мың.жж.):

- A) Жасанды сұрыпталу принциптерінің туындауы
- B) Егіншіліктің пайда болуы
- C) Ғылымның пайда болуы
- D) Техногендік өркениеттің пайда болуы
- E) Тұрғындар санының күрт артуы
- F) Мутациялық процесс

16. Эволюциялық триада:

- A) ген
- B) өзгерушілік
- C) сұрыптау
- D) жинақтау
- E) тұқымқуалаушылық
- F) жеңілдену
- G) физиология

17. Метаболизмге тән сипаттар:

- A) ауыспалылық
- B) ассимиляция және диссимиляция үрдістері
- C) магниттілік
- D) ұрпақ құрылымдарының өзгеруі
- E) жаңа түрлердің пайда болуы

18. Биосфераның тұрақтылығы, оның эволюциялық даму қабілеті түсіндіріледі:

- A) фитоценоз жүйесімен
- B) тірі ағзалардың көптүрлілігімен
- C) дамуымен
- D) ырғақтылық
- E) зооценоз жүйесімен
- F) тірі және өлі заттардың өзара байланысымен
- G) түрлі биоценоздар жүйелерімен

19. Вернадский "ноосфера" түсінігін әртүрлі мағынада қолданады:

- A) Ғаламшар жағдайы ретінде
- B) Жалпылама жүйелер
- C) Техникалық құрылғының үйлесімділігі ретінде
- D) Геосфера
- E) Антропогендік аймақ
- F) Эпигеосфера

20. Жердің жасы:

- A) 4,6-4,7 млрд.жыл
- B) 4,6-5 млрд.жыл
- C) 5,5 млрд.жыл
- D) 5 млрд.жыл
- E) 5,7-6 млрд.жыл

21. Ақыл-ой иесі, табиғаттың ерекше феномені:

- A) Адам
- B) Тірі ағза
- C) Тірі қабықша
- D) Тірі ағзалар
- E) Автотрофтар
- F) Ғылыми тұжырымдар

22. Зиянды заттардың шығындылары:

- A) Табиғи
- B) Газ түрінде
- C) Қышқылды, сілтілі
- D) Канцерогенді, қара майлы
- E) Қышқыл ерітінділері
- F) Антропогендік

23. Ғаламдық мәселелер туындайды:

- A) климат өзгерісімен
- B) космостық факторлармен
- C) қала халқының өсуімен
- D) прогресстің жоғарғы қарқынымен
- E) әлеуметтік факторлармен
- F) геологиялық факторлармен

24. Техносфера:

- A) Адамның техникалық әрекеті
- B) Экожүйенің бір бөлігі
- C) Экологиялық принциптердің үйлесімділігі
- D) Жалпылама жүйелердің бір бөлігі
- E) Техникалық жүйелердің жиынтығы
- F) Техникалық құралдардың жиынтығы

25. Табиғи жағдайлар:

- A) Тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызу
- B) Халықтың ресурстар бар жерде орналасып, әрекет етуі
- C) Антропогендік орта
- D) Антропогенді ландшафттар
- E) Қоршаған ортаның сапасы
- F) Адамдарды қоршаған орта

**Жаратылыстану
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**